

№ 30
(1248)
31 ШІЛДЕ,
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ

МАҚАТ ТҮЙІНІСІ



www.maqat-tyyny.kz

Аудандық қоғамдық-саяси газет

2001 жылдың 22 маусымынан шыға бастады

ТАМЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕКСЕНБІСІ – ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ

ШОЙЫН ЖОЛДЫҢ ШЕЖІРЕСІ



ж. авторы: Г. ЖАНСУЛТАН

ХАБАРЛАНДЫРУ

«БТ-мұнай» ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 3 қыркүйек 2025ж. сағат 11:00-де, Мақат ауданы, Доссор кенті, Ғ. Сүлейменов көшесі 39, «Доссор» мәдениет үйі м барлау ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобасына және «Атырау учаскесінің Бекшібай, Жынғылды Солтүстік-батыс, Оңтүстік Егіз, Байменке-Оңтүстік Байменке, Жынғылды Оңтүстік-батыс алаңдарындағы тереңдігі 1350(±250)м барлау ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімдері және «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.


Zoom Конференциясына сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/86362972513?pwd=ewZ6uFuUTO2tRbcAb8zljOh3TZENE>

Конференция идентификаторы: 863 6297 2513, кіру коды: 543776.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «БТ-мұнай» ЖШС, Атырау қ., Әйтеке би, 43А, БСН: 130440010882, эл.пошта: moldir_k.s@mail.ru, Құдайбергенова М.С. тел.87755444505.

Жобаны жасақтаушы: КазНИГРИ ЖШС, БСН991240001478, эл.:info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙДЫ

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы - ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Қоғамдық қызмет», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық деңгейдегі фестивальдер мен конкурстарға қатысуға

3) өтінішхат пен сыйлық алуға ізденушінің жетістіктері туралы анықтама;

4) марапаттау дипломдарының, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

5) кандидаттың немесе кандидат туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда);

6) банктік шоттың болуы туралы анықтаманың көшірмесі;

7) кандидаттың жетістіктері туралы растайтын материалдар (болған жағдайда).

Жеңімпаздарға «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен тәсбелгімен сондай-ақ қаржылық

Интернеттегі қылмыс

АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БАСТЫ ҚОРҒАН

Интернет-алаяқтық – интернет арқылы жасалатын заңсыз әрекеттер, олардың мақсаты – адамдардың жеке, қаржылық немесе басқа да маңызды ақпараттарын ұрлау, сондай-ақ қаржылық пайда табу. Бұл алаяқтықтың түрлері мен әдістері өртүрлі, олардың барлығы интернеттегі пайдаланушыларды алдап, зиян келтіруге бағытталған.

Бүгінгідей дамыған заманда көптеген қызметтер, соның ішінде банк операциялары, сауда, оқу және жұмыс - осы әлеуметтік желі арқылы жүзеге асырылады. Бұл алаяқтарға үлкен мүмкіндік береді. Пайдаланушылардың жеке мәліметтері желіде жиі қолданылатындықтан, алаяқтардың оңай олжасына айналып жатады.

Жалпы алаяқтар жаңа зиянды бағдарламалар мен құралдарды үнемі жаңартып, жетілдіріп отырады. Бұл – олардың әрекеттерін тиімдірек етудің бір жолы болып табылады. Алаяқтар пайдаланушыларды алдауды жеңілдету мақсатында шыннай сайттарға өте ұқсас жалған веб-сайттарды жасап, әлеуметтік инженерия әдістерін пайдаланып, адамдардың эмоцияларын, сенімін және әдеттерін манипуляциялайды.

Пайдаланушыларды алдап, жеке мәліметтерін алу үшін жалған электрондық хаттар, мәтіндік хабарламалар немесе телефон қоңырауларын пайдаланады. Бүгінде өзекті болып отырған интернет-алаяқтықтың салдарынан адамдар мен компаниялар үлкен қаржылық шығынға ұшырағаны белгілі.

Іле ауданы бойынша соңғы уақытта интернет-алаяқтар көбейген. Күніне құқық қорғау органдарына біршама азаматтар шағымданады. Алайда, статистикаға сәйкес, өткен жылға қарағанда төмендеуде.

Аудан көлемінде бұл актуалды мәселені шешу үшін аудандық полиция басқармасы мен әкімшіліктер азаматтарды ақпараттандыру мақсатында халықты интернет-алаяқтықтың



және аудан тұрғындарының киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын мәлімдеуде.

Интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлері қандай?

1. Фишинг: Жеке мәліметтерді алу үшін жалған электрондық хаттар, веб-сайттар немесе мәтіндік хабарламалар пайдалану.

2. Вишинг: Телефон арқылы жасалатын алаяқтық. Мұнда алаяқтар банк қызметкері немесе құқық қорғау органы қызметкері болып танысады.

3. Смшинг: Мәтіндік хабарламалар арқылы фишинг.

4. Зиянды бағдарламалар: Пайдаланушылардың құрылғыларына зиянды бағдарламаларды жүктеп ақпаратты ұрлау.

5. Жалған интернет-дүкендер: Жалған интернет дүкендер жасап, пайдаланушыларды алдап ақша алу.

6. Онлайн танысу алаяқтығы: Танысу сайттарында жалған профилдер жасап, адамдарды